

Кеден одағы Комиссиясының кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2017 жылғы 14 қарашадағы № 148 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 105-бабының 5-тармағына, 109-бабының 5-тармағына, 258-бабының 6-тармағына, 259-бабының 4-тармағына, 260-бабының 3-тармағына, 263-бабының 2-тармағына, 264-бабының 10-тармағына және 302-бабының 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қосымшаға сәйкес Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарт күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2017 жылғы 14 қарашадағы
№148 шешіміне
ҚОСЫМША

Кеден одағы Комиссиясының шешімдеріне енгізілетін ӨЗГЕРІСТЕР

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 287 шешімімен бекітілген Жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру тәртібінде:

а) мәтін бойынша "Кеден одағының" деген сөздер "Одақтың" деген сөзбен ауыстырылсын;

б) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тәртіп жеке пайдалануға арналған тауарларды (бұдан әрі – тауарлар) кедендік декларациялау кезінде, соның ішінде тауарларды кедендік транзит кедендік рәсіміне орналастыру кезінде осындай декларацияның негізгі формулярының нысанын пайдаланған жағдайда, жолаушылардың кедендік декларациясын толтыру нысаны мен тәртібін айқындайды.";

в) 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Декларация қолмен анық және түсінікті түрде немесе электрондық есептеу техникасының басу құрылғылары қолданыла отырып толтырылады.

Декларацияның электрондық түрін ұсыну талап етілмейді (соның ішінде осы Тәртіптің 23¹ тармағында көзделген жағдайда).

5. Декларация орыс тілінде немесе ағылшын тілінде немесе кеден органына осындай декларация берілген Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттің мемлекеттік тілінде, кеден органының рұқсатымен осындай декларация берілетін кеден органының лауазымды тұлғасы меңгерген басқа да шет тілінде толтырылады.";

г) 6-тармақтың бірінші бөлігінде:

"Келісімге 3-қосымшаның 3 – 10, 12 және 14-тармақтарында көзделген Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін тауарлар" деген сөздер "кедендік баждар, салықтар төлеуден босатыла отырып, Одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауарлар (халықаралық пошта жөнелтілімдерімен салынатын тауарларды және жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын қоспағанда)" деген сөздермен ауыстырылсын;

"декларант" деген сөз алып тасталсын;

д) 7-тармақта:

бірінші бөліктегі "декларанттың" деген сөз "кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "декларанттың" деген сөз "кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

е) 8-тармақтағы "Декларант декларацияда қажетті мәліметтерді көрсетеді" деген сөздер "Декларацияда қажетті мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

ж) 10-тармақта:

бірінші бөлікте:

екінші абзацтағы "кедендік шекарадан" деген сөздер "Одақтың кедендік шекарасынан" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші абзацтағы "кедендік шекара" деген сөздер "Одақтың кедендік шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөлікте:

бірінші сөйлемдегі "декларанттың" деген сөз "кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлғаның" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші сөйлемдегі "декларант" деген сөз "кедендік декларациялауды жүзеге асыратын тұлға" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "авто-" деген сөз "авто- және" деген сөздермен ауыстырылсын;

з) 10¹-тармақта:

1-тармақшадағы "саны" деген сөзден кейін ", декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) айқындайтын жағдайларда)" деген сөздермен толықтырылсын;

2) тармақшада:

екінші абзацтағы "жеке пайдалануға арналған" деген сөздер алып тасталсын;

үшінші абзацтағы "кедендік" деген сөз алып тасталсын;

4-тармақшадағы "кедендік шекара" деген сөздер "Одақтың кедендік шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

и) 11-тармақтағы "декларант тауарларды өткізу бағытын көрсетеді" деген сөздер "тауарларды өткізу бағыты көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

к) 12-тармақта:

"декларант өзі туралы мәліметтерді көрсетеді" деген сөздер "декларант туралы мәліметтер" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жеке куәлік" деген сөздер "декларанттың жеке куәлігі" деген сөздермен ауыстырылсын;

л) бірінші сөйлемдегі "декларант бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарлардың өзінде болуы не жоқтығы туралы көрсетеді" деген сөздер "бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

м) 14-тармақта:

бірінші сөйлемдегі "декларант бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарлардың өзінде болуы не жоқтығы туралы көрсетеді" деген сөздер "бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші сөйлемдегі "декларантта" деген сөз алып тасталсын;

н) 15-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "декларант тасымалдаушы жеткізетін тауарлардың өзінде болуы не жоқтығы туралы көрсетеді" деген сөздер "тасымалдаушы жеткізетін тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

о) 16-тармақта:

бірінші бөліктегі "декларант өзінде Одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол валютасының, шетелдік валютаның, жол чектерінің болуы не жоқтығы туралы көрсетеді" деген сөздер "қалауы бойынша Одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол валютасының, шетелдік валютаның, жол чектерінің болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің бірінші сөйлемі алып тасталсын;

п) 17-тармақта:

бірінші бөліктегі "декларант өзінің Одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол валютасын, шетелдік валютаны, жол чектерін өткізетіні туралы хабарлайды" деген сөздер "Одаққа мүше мемлекеттердің қолма-қол валютасының, шетелдік валютаның, жол чектерінің болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен, "вексельдің, чектердің (банк чектерінің)" деген сөздер "жол чектерін қоспағанда, ақшалай құралдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "декларант декларацияның қосымша формулярын – қолма-қол ақша декларациясын толтырады" деген сөздер "декларацияның қосымша формуляры – қолма-қол ақша декларациясы толтырылады" деген сөздермен ауыстырылсын;

р) 18-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "декларант өзі өткізетін жеке пайдалануға арналған көлік құралдарының болуы туралы көрсетеді" деген сөздер "жеке пайдалануға арналған көлік құралдарының болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

с) 19-тармақтың бірінші бөлігіндегі "декларант өзінде тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың болуы туралы көрсетеді" деген сөздер "тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

т) 20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Декларацияның 3-тармағының 3.5-тармақшасында рамкаға "иә", "жоқ" деген тиісті белгілер қою жолымен бөлінбейтін тауарлардың және (немесе) құны және салмағы Одақтың кедендік аумағына кедендік баждар, салықтар төлемей әкелудің құндық және салмақтық нормаларынан асатын тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Осындай тауарлар болған кезде олар туралы мәліметтер декларацияның 4-тармағында көрсетіледі. Бұл ретте бөлінбейтін тауарлар туралы, сондай-ақ Одақтың кедендік аумағына кедендік баждар, салықтар төлемей әкелу нормаларынан асырып әкелінетін тауарлар туралы мәліметтер, – осындай асыру бөлігінде көрсетілуге жатады.

у) 21-тармақта:

бірінші бөліктің бірінші абзацындағы "декларант мынадай мәліметтерді көрсетеді" деген сөздер "мынадай мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктегі "декларант бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарларға қатысты декларация жасаған" деген сөздер "бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарларға қатысты декларация жасалған" деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі "декларант осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген тізімдемені пайдаланған" деген сөздер "осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген тізімдеме пайдаланылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

ф) 22-тармақтың бірінші және бөліктеріндегі "декларант" деген сөз алып тасталсын;

х) 23-тармақта:

бірінші бөлікте:

"уәкілетті тұлғасы" деген сөздерден кейін "не декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Комиссия айқындайтын жағдайларда)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Декларацияны декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Комиссия айқындайтын жағдайларда) ұсынған жағдайда, декларацияда қолтаңбадан кейін осындай адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері көрсетіледі.";

ц) 23¹-тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пунктінде кеден өкілдері болмаған жағдайда, декларант өз бетімен немесе декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Комиссия айқындайтын жағдайларда) Одақтың кедендік аумағына Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 263-бабының 1-тармағында көрсетілген бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарларды кедендік транзиттің кедендік рәсіміне орналастыру үшін осындай тауарларды кедендік декларациялау мақсаттары үшін декларация екі данада толтырылады.";

екінші бөліктің жетінші абзацындағы "кедендік шекара" деген сөздер "Одақтың кедендік шекарасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

ч) 23³-тармақта:

"декларант өзі туралы мәліметтерді, декларанттың жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелерін, жөнелту елінің және межелі елдің атауын, Одаққа мүше мемлекеттің аумағында болатын орнын (тұрғылықты жерін) көрсетеді" деген сөздер "декларант туралы мәліметтер, декларанттың жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, жөнелту елінің және межелі елдің атауы, Одаққа мүше мемлекеттің аумағында болатын орны (тұрғылықты жері) көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

"жеке басын куәландыратын" деген сөздердің алдынан "декларанттың" деген сөзбен толықтырылсын;

23⁵-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "декларант өзі өткізетін Кеден одағының кедендік аумағында және шет мемлекеттің аумағында тіркелмеген, жеке пайдалануға арналған көлік құралдарының болуы туралы көрсетеді" деген сөздер "Одаққа мүше мемлекеттерде немесе Одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттерде тіркелмеген, жеке пайдалануға арналған көлік құралдарының болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

ш) 23⁶-тармақтың бірінші сөйлеміндегі "декларант тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың өзінде болуы туралы мәліметтерді көрсетеді" деген сөздер "тыйым салулар немесе шектеулер қолданылатын тауарлардың болуы не жоқтығы туралы мәліметтер көрсетіледі" деген сөздермен ауыстырылсын;

щ) 23⁷-тармақта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"23⁷. Декларацияның 4-тармағында Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің 263-бабының 1-тармағында көрсетілген тауарлар туралы мынадай мәліметтер көрсетіледі:";

алтыншы және жетінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"кедендік баждар, салықтар төлеуден босатыла отырып, әкелу шарттарының сақталуын растайтын құжаттардың деректемелері;

кедендік баждар, салықтар төлеу төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуына қамтамасыз ету берілгенін растайтын құжаттардың деректемелері.";

екінші бөліктегі "декларант осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген тізімдемені пайдаланған" деген сөздер "осы Тәртіптің 6-тармағында көзделген тізімдеме пайдаланылған" деген сөздермен ауыстырылсын;

э) 23⁸-тармақта: "тізімдеме парақтарына)" деген сөздерден кейін ", декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Комиссия айқындайтын жағдайларда)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

"Декларацияны декларанттың атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін адам (Комиссия айқындайтын жағдайларда) ұсынған кезде, декларацияда қолтаңбадан кейін осындай адамның жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері көрсетіледі.";

ю) 24-тармақтың бірінші бөлігінің үшінші абзацындағы "эмитенттің (борышкердің) ақшалай қаражатты төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын ұсынушыға берілген чектер (банктік), бағалы қағаздар" деген сөздер "(банктік чектер), сондай-ақ эмитенттің (борышкердің) ақшалай қаражатты төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын құжаттық нысандағы бағалы қағаздар және" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Кеден одағы Комиссиясының "Жеке тұлғалар кедендік шекара арқылы өткізетін жеке пайдалануға арналған тауарларға қатысты кедендік операциялар жасау тәртібі және мұндай тауарларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету туралы нұсқаулық туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімінде:

а) атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы";

б) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік

аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі бекітілсін.";

в) көрсетілген Шешіммен бекітілген Жеке тұлғалардың кедендік шекара арқылы өткізетін жеке пайдалануға арналған тауарларына қатысты кедендік операциялар жасау және осындай тауарларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы нұсқаулықта:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі";

мәтін бойынша тиісті септіктегі "осы Нұсқаулық" деген сөздер тиісті септіктегі "осы Тәртіп" деген сөздермен, тиісті түрдегі "авто,- мото көлік құралдары" деген сөздер тиісті түрдегі "авто- және мото көлік құралдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-тармақта:

бірінші бөліктің күші жойылды деп танылсын;

үшінші бөліктегі "Кеден одағының Кеден кодексінде (бұдан әрі – Кодекс), Келісімде" деген сөздер "Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде (бұдан әрі – Кодекс)" деген сөздермен ауыстырылсын;

17-тармақтың екінші бөлігіндегі, 18¹-тармақтағы және 19-тармақтың жетінші бөлігіндегі "Кодекстің 18-бабының 2-тармағымен және Келісімге 3-қосымшаның 23-тармағымен" деген сөздер "Кодекстің 264-бабының 1 және 2-тармақтарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 20¹ және 20²-тармақтармен толықтырылсын:

"20¹. Шетелдік жеке тұлға болып табылатын декларанттың жеке пайдалануға арналып кедендік аумаққа уақытша әкелінген көлік құралын Одаққа мүше мемлекеттің жеке тұлғасына беруіне рұқсатты декларанттың өтініші негізінде, декларант кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелерді қамтамасыз етуді ұсынғаннан кейін кеден органы береді. Көрсетілген өтініш еркін нысанда жазылады және:

декларант (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері);

жеке пайдалануға арналған көлік құралы (тіркеу нөмірі, түрі, маркасы, шанағының нөмірі немесе сәйкестендіру нөмірі, шассиінің нөмірі (бар болған жағдайда));

осындай көлік құралы жеке пайдалану үшін берілетін жеке тұлға (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы, азаматтығы (бодандығы), туған

күні туралы мәліметтерді, сондай-ақ салық органында (Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі, Беларусь Республикасында – сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасында – жеке сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасында – дербес сәйкестендіру нөмірі, Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі) есепке қойылғаны туралы мәліметтерді (бар болған жағдайда)) қамтиды.

Жеке пайдалануға арналып кедендік аумаққа уақытша әкелінген көлік құралын беруге рұқсат декларацияда ("Қызметтік белгілер үшін" деген бөлімде) немесе кеден органының лауазымды тұлғасы жеке пайдалануға арналған осындай көлік құралын кедендік аумаққа уақытша әкелу кезінде жеке пайдалануға арналған осындай көлік құралы берілетін жеке тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда) және оның жеке басын куәландыратын құжатының деректемелерін, сондай-ақ кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжаттың деректемелерін және осындай қамтамасыз етудің сомасын көрсете отырып, "КҚ _____ беруге рұқсат етілді" деген жазба жазу жолымен кеден органы ресімдейтін өзге де құжатта көрсетіледі. Жазба кеден органының осындай рұқсатты берген лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрінің бедерімен куәландырылады.

Кедендік аумаққа жеке пайдалануға арналып уақытша әкелінген көлік құралын беруге кеден органының рұқсаты бар өтініштің және декларацияның (өзге де құжаттың) түпнұсқалары жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке тұлғаға кейіннен беру үшін декларантқа қайтарылады, ал өтініштің көшірмесі мен декларацияның (өзге де құжаттың) көшірмесі кеден органында қалады.

Жеке пайдалануға арналған көлік құралын кедендік аумаққа уақытша әкелу кезінде кеден органы ресімдеген декларация немесе өзге де құжат жоғалған жағдайда, осындай көлік құралын жеке пайдалану үшін беруге рұқсат кеден органының лауазымды тұлғасы кедендік баждарды, салықтарды төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуді растайтын құжаттың деректемелерін және осындай қамтамасыз етудің сомасын көрсете отырып, "КҚ _____ беруге рұқсат етілді" деген жазбаны енгізу жолымен осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өтініште көрсетіледі. Жазба кеден органының осындай рұқсатты берген лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрінің бедерімен куәландырылады.

Кедендік аумаққа жеке пайдалануға арналып уақытша әкелінген көлік құралын беруге кеден органының рұқсаты бар өтініштің түпнұсқасы жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке тұлғаға кейіннен беру үшін декларантқа қайтарылады, ал өтініштің көшірмесі мен декларацияның (өзге де құжаттың) көшірмесі кеден органында қалады.

20². Егер декларант өзінің ауыр науқасы себебінен немесе өзге де объективті себеп бойынша жеке пайдалану үшін кедендік аумаққа уақытша әкелінген көлік құралын

кедендік аумақтан әкетуді жүзеге асыра алмаса, мұндай әкетуді өзге тұлғаға беруге декларанттың рұқсатын декларанттың ауыр науқасын немесе өзге де объективтік себепті растайтын декларанттың өтініші негізінде кеден органы береді.

Егер декларант қайтыс болуы, ауыр науқасы, декларантты хабарсыз кетті деп тану себебі бойынша жеке пайдалану үшін кедендік аумаққа уақытша әкелінген көлік құралын кедендік аумақтан әкетуді жүзеге асыра алмаса, мұндай әкетуді өзге тұлғаға беруге декларанттың рұқсатын декларанттың қайтыс болғанын, оның ауыр науқасын, декларантты хабарсыз кетті деп тануды растайтын құжат ұсынылған жағдайда, осындай көлік құралы жеке пайдалану үшін берілетін тұлғаның өтініші негізінде кеден органы береді.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген өтініштер еркін нысанда жазылады және:

декларант (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері);

жеке пайдалануға арналған көлік құралы (тіркеу нөмірі, түрі, маркасы, шанағының нөмірі немесе сәйкестендіру нөмірі, шассиінің нөмірі (бар болған жағдайда));

осындай көлік құралы жеке пайдалану үшін берілетін жеке тұлға (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, тұратын (тіркелген) жерінің мекенжайы немесе Одаққа мүше мемлекеттің аумағында болатын орны, азаматтығы (бодандығы), туған күні туралы мәліметтерді, сондай-ақ Одаққа мүше мемлекеттің жеке тұлғасы үшін – салық органында (Армения Республикасында – салық төлеушінің есептік нөмірі, Беларусь Республикасында – сәйкестендіру нөмірі, Қазақстан Республикасында – жеке сәйкестендіру нөмірі, Қырғыз Республикасында – дербес сәйкестендіру нөмірі, Ресей Федерациясында – салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі) есепке қойылғаны туралы мәліметтерді (бар болған жағдайда)) қамтиды.

Жеке пайдалануға арналып кедендік аумаққа уақытша әкелінген көлік құралын беруге рұқсат декларацияда ("Қызметтік белгілер үшін" деген бөлімде) немесе кеден органының лауазымды тұлғасы жеке пайдалануға арналған осындай көлік құралын кедендік аумаққа уақытша әкелу кезінде жеке пайдалануға арналған осындай көлік құралы берілетін жеке тұлғаның тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда) және оның жеке басын куәландыратын құжатының деректемелерін көрсете отырып, " КҚ _____ әкету үшін беруге рұқсат етілді" деген жазба жазу жолымен кеден органы ресімдейтін өзге де құжатта көрсетіледі. Жазба кеден органының осындай рұқсатты берген лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрінің бедерімен куәландырылады.

Кедендік аумаққа жеке пайдалануға арналып уақытша әкелінген көлік құралын беруге кеден органының рұқсаты бар өтініштің және декларацияның (өзге де құжаттың) түпнұсқалары кейіннен жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке

тұлғаға беру үшін, не жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке тұлғаға тікелей беру үшін (егер өтінішті осы тұлға берген жағдайда) декларантқа қайтарылады, ал өтініштің көшірмесі мен декларацияның (өзге де құжаттың) көшірмесі кеден органында қалады.

Жеке пайдалануға арналған көлік құралын кедендік аумаққа уақытша әкелу кезінде кеден органы ресімдеген декларация немесе өзге де құжат жоғалған жағдайда, осындай көлік құралын беруге рұқсат кеден органының лауазымды тұлғасы "КҚ _____ әкету үшін _____ дейін беруге рұқсат етілді" деген жазбаны енгізу жолымен осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көрсетілген өтініштерде көрсетіледі. Жазба кеден органының осындай рұқсатты берген лауазымды тұлғасының жеке нөмірлік мөрінің бедерімен куәландырылады.

Кедендік аумаққа жеке пайдалануға арналып уақытша әкелінген көлік құралын беруге кеден органының рұқсаты бар өтініштің түпнұсқасы кейіннен жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке тұлғаға беру үшін, не жеке пайдалануға арналған көлік құралы берілетін жеке тұлғаға тікелей беру үшін (егер өтінішті осы тұлға берген жағдайда) декларантқа қайтарылады, ал мұндай өтініштің көшірмесі кеден органында қалады.

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Одақтың мүше мемлекетіне тұрғылықты тұруға қоныс аударуға, осы мемлекеттің заңнамасына сәйкес босқын, мәжбүрлі қоныс аударушы мәртебесін алуға ниеті бар шетелдік жеке тұлға тауарларын осы тұлғаның тұрақты немесе уақытша тұратын (болатын) орнына және Одаққа мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленген өзге де орындарға уақытша сақтауға орналастыру үшін кеден органына еркін нысанда жазылған өтініш береді, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) өзі туралы мәліметтер (тегі, аты және әкесінің аты (бар болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері, тұрақты немесе уақытша тұратын (болатын) және (немесе) тауарларды уақытша сақтау болжанып отырған Одаққа мүше мемлекеттің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленген өзге де орынның мекенжайы);

2) тауарлар туралы мәліметтер (атауы, саны, килограммен және (немесе) басқа да өлшем бірліктерімен көрсетілген салмағы, құны (Одаққа мүше мемлекеттің валютасында, еуроға немесе АҚШ долларында));

3) авто- және мото көлік құралы және (немесе) авто- және мото көлік құралына тіркеме туралы мәліметтер (тіркеу нөмірі немесе тіркеу есебінен алынғаны туралы ақпарат, түрі, маркасы, шығарылған сәті, шанағының нөмірі немесе сәйкестендіру нөмірі, қозғалтқышының көлемі, қозғалтқышының қуаты (мұндай ақпарат бар болған жағдайда), шассіінің нөмірі (бар болған жағдайда), құны (Одаққа мүше мемлекеттің валютасында, еуроға немесе АҚШ долларында));

4) өтініштің жазылған күні, шетелдік жеке тұлғаның қолтаңбасы.";

мынадай сазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

"28. Бірге жүретін багаждағы Одақтың тауарлары болып табылатын тауарларды Кодекстің 455-бабының 1-тармағында көрсетілген еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағын қоспағанда, кедендік аумақтың бір бөлігінен Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы және (немесе) теңізбен Кодекстің 455-бабының 1-тармағында көрсетілген еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағын қоспағанда, кедендік аумақтың екінші бөлігіне кедендік шекара арқылы өткізу кедендік декларациялаусыз жүзеге асырылады.

Осылай өткізу мақсатында Одақтың тауарлары болып табылатын тауарлар сәйкестендірілуге тиіс. Сәйкестендіруді кету орнының кеден органы жеке тұлға өзі туралы мәліметтерді, сондай-ақ тауарларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін мәліметтерді көрсететін декларация бланкісін пайдалана отырып жүргізеді.

Кодекстің 455-бабының 1-тармағында көрсетілген еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағын қоспағанда, кедендік аумақтың бір бөлігінен Одақтың мүшесі болып табылмайтын мемлекеттің аумағы арқылы және (немесе) теңізбен Кодекстің 455-бабының 1-тармағында көрсетілген еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағын қоспағанда, кедендік аумақтың екінші бөлігіне бірге жүретін багажбен өткізілетін тауарларды келу орнының кеден органы "Қызметтік белгілер үшін" деген бөлігіне кету орны кеден органының лауазымды тұлғасы "Еуразиялық экономикалық одақтың тауарлары" белгісін қойған, осындай лауазымды тұлғаның жеке нөмірлік мөрінің бедерімен куәландырған осы тармақтың екінші бөлігінде көрсетілген декларация бланкісі болған жағдайда Одақ тауарлары ретінде қарастырады.

Одаққа мүше мемлекеттерде тіркеліп жеке пайдалануға арналған көлік құралдарына , су, әуе немесе темір жол көлігімен өткізілетін, Одақтың мүшелері болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарында аралық аялдамалар немесе қонулар жасамай келе жатқан тауарларға, сондай-ақ Кодекстің 7-бабына сәйкес тыйым салулар мен шектеулер қоюға жататын тауарларды қоспағанда, Одақтың кедендік аумағына тауарларды кедендік баждар, салықтар төлемей әкелу үшін белгіленген құндық, салмақтық және (немесе) сандық нормалардың шегінде өткізілетін тауарларға қатысты сәйкестендіру талап етілмейді."

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін уақытша әкелетін көлік құралдарына қатысты ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2016 жылғы 12 сәуірдегі № 33 шешімінде:

а) көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін уақытша әкелетін көлік құралдарына қатысты ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидаларының 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімі";

б) көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін уақытша әкелетін көлік құралдарына қатысты ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезінде Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімі";

в) көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін уақытша әкелетін көлік құралдарына қатысты ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер форматтарының және құрылымдарының сипаттамасының 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімі";

г) көрсетілген Шешіммен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының арасында Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына жеке тұлғалар жеке пайдалануы үшін уақытша әкелетін көлік құралдарына қатысты ақпаратпен алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесіне қосылу тәртібінің 1-тармағының төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін жеке пайдалануға арналған тауарларға, не Одақтың кедендік аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған тауарларға, осындай тауарларды шығаруға қатысты кедендік операциялар жасау және оларды кедендік бақылауда болмайды деп тану фактісін көрсету тәртібі туралы" 2010 жылғы 18 маусымдағы № 311 шешімі".